БЕКІТЕМІН
Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев
«____» _____2025ж.

КЕЛІСЕМІН
Ақтау қалалық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы
_____Е.Н. Мусагалиев
«____» _____2025 ж.

«Ақтау-Түркі әлемінің мәдени астанасы» аясында Халықаралық мүсіншілер симпозиум
ЕРЕЖЕСІ

2025 жылы шілде айының 20-30 аралығында Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы Ақтау қаласында Маңғыстау аумағының тас мүсіндер симпозиумы өткізіледі.

Өткізілетін жері: Ақтау қаласы

Симпозиум құрылтайшылары: Ақтау қаласының әкімшілігі және Әлем арт галереясы.

Симпозиум ұйымдастырушысы: Абай атындағы мәдени-демалыс кешені

Мақсаты мен міндеттері: Маңғыстау аумағының ақтасынан жасалған көлемді мүсіндерді насихаттау, Маңғыстау өңірінің жеті қырын ашу, қала қонақтары мен тұрғындарының назарына ұсыну. Қатысушылардың жасаған мүсіндерімен, қала саябақтарын безендіріп әсемдеу.

Симпозиум тақырыбы: Тақырыптың негіздемесі болып «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының аясында тарихи мұраның бейнесін ашу.

Қатысу шарттары: Симпозиумның қатысушыларына құралдар ұсынылады. Материалдар мен шығындарды ұйымдастырушылар қамтамасыз етеді. Қатысушылар өздерінің жұмыстарын ашық ауада, ұйымдастырушылардан ұсынылған жерде орындайды. Симпозиум кезінде көркемөнер саласы бойынша білім алып жүрген жоғары оқу орындарының студенттері және қала қонақтарымен кездесу өткізіледі, мүсін жасаудың қашау тәсілі мен тасты кесу техникасымен тәжірибе кезінде таныстыру өткізіледі. Қатысушылардың тұратын орны мен үш мезгілдік тамақтану шығындарын симпозиум ұйымдастырушылары өтейді. Әр қатысушыға ұйымдастырушылар сыйақы ретінде 500 000 теңге көлемінде төлейді. Қатысушылардың жолақы шығындары ұйымдастырушы тарапынан төленеді. Симпозиум уақытында қатысушылар бір мүсін жасап шығаруы керек.

Техникалық шарттар: Материалдар: тас. Қол құралдары: болгар, қашау және кесу жабдықтары, аралау, қайрау, алмаз дискілері, қолғаптар, көзілдірік, маскалар. Жеке арнайы құрал-саймандарын әрбір қатысушы өзімен бірге алып келеді.

Симпозиумның өту тәртібі: Мүсін дайындау мерзімі – 10 күн. Қатысушыларға мәдени бағдарламалар жасақталады: шығармашылық кездесулер, қала бойынша экскурсия және тағы басқа мәдени шараларға қатысу өз еріктерімен жүзеге асырылады.

Симпозиумның қорытындысы: Симпозиум аяқталған кезде, авторлардың қатысуымен көрме ұйымдастырылады. Оргкомитеттің келісімімен симпозиумның демеушілері әр түрлі номинациялар бойынша авторларға сыйлық ұсына алады. Барлық қатысушылар дипломмен және алғыс хатпен марапатталады. Ұйымдаструшылар симпозиумның республикалық және облыстық бұқаралық ақпараттар көзінде жарық көруіне кепілдік береді. Қатысушылардың жасаған туындыларының фотосуреттері мен баспа құралдары ақысыз орындалады. Сондай-ақ авторлық құқық сақталады.

Халықаралық Форумы аясында ұйымдастырылған Халықаралық симпозиумның аяқталған туындылары қаланың меншігіне тапсырылады. Симпозиум қорытындысы бойынша каталог шығарылады.